

Торғайдың торы жорғасы

(Орекен Алматыв ағамыз тірі болса 17 қыркүйек күні 84 жасқа толар еді...)

Ұлтымызда «өлі жебемей, тірі байымайды» деген аталы сөз бар. Яғни, өмірден озған жақсыларымызды, жайсандарымызды артында қалған ағайынның еске алып отыруы парыз. Торғай топырағынан талай жақсылар мен жайсандар шыққан, соның бірі, әрі бірегейі Орекен аға Алматылы болатын.

Орекенмен қырық жылға жақын сыйлас-сырлас, дәмдес-ниеттес болдық. Ол кісімен сұхбаттасу, әңгімелесу, пікірлесу – бір ғұмыр болатын. Кез келген тақырыпқа әңгіме бастап, әрі қарай жүйелеп, таратып – талдап, тыңдарманның құлағына құйып отыратын. Әсіресе елдің, жердің тарихына, шежіресіне, өткені мен бүгінгіне өте жетік болатын. Туған жерің мен руыңды атасаң жердің тарихын да, шыққан тегіңді де, саралап қолмен қойғандай айтып беретін. Болмаса әулетіңнен бір адамның атын атасаң, барша шежіренді таратып беретін тұмысынан зерек-зерделі теңдессіз қабілет иесі еді.

Оқығаны аз болғанымен тоқығаны көп, зерделі-зейінді, алғыр шешен азамат болатын. Кез келген ортада суырылып сөйлеп, отырған тыңдаушыны шашау шығармай өзіне бағын-

дырып, сөз арасын өлеңмен өрнектеп, әзілмен әдіптеп, сұлу да, сыпайы қазақы қалжыңмен өзіне тартып отыратын. Орекен аға, әңгіме айтып отырғанда сөзін ешкім бөлмесе екен, қалденең сұрақ қоймаса екен деп, елеңдеп отыратын едік. Ол кісінің оқымаған кітабы, сыйласпаған жақсысы жоқ сияқты көрінеді маған. Сырт жерге барып – Торғайдан келдім десең, алдымен Орекен ағаның амандығын сұрайтын. Ағаның Қазақстанда танымайтын жақсылары жоқ. Ал, Орекенді білмейтін сырт азаматтары аз шығар. Ағамыз осы ғұмырында талай жақсылармен жайсандармен сыйлас-сырлас болған. Ертеректе елге келген батыр ағамыз Қасым Қайсеновке Торғай аймаған аралатып, елдің жердің тарихымен таныстырып, Орекен аға бірнеше күн жүрсен екен. Кетерінде батыр ағамыз: «Қарағым, Орекен, осындай қабілетпен, осындай өнермен, осындай теңдессіз энциклопедиялық біліммен Торғай даласына қалай сыйып жүрсің деген екен...».

Орекен ағамыздың туған Торғай топырағынан сыртқа кетпеуі, елін, жерін, ортасын, ағайын-туысын, ата-бабасының қаны тамған киелі топырақты қадірлегеннен болса керек. Орекен ағамыздың әкесі Алматы ағамыз тоғыз әйел алған екен. Ағамыздың елу алты жасында тоғызыншы анамыздан туған жалғыз ұлдың атын Орекен емес, Өрекен деп қойған

екен. Ағамыздың бұлай атауы, қатарынан озық, ешкімнің деңгейі жетпейтін, Өр болсын, еліне сыйлы азамат болсын, халқына қалаулы ұрпақ болсын деп, Алладан тілеп қойған атауы болар. Осыған лайық Орекен ағамыз қатарынан бойы да, ойы да, өнері де, сөзі де, тұлғасы да артық болып туған азамат.

Барша ғұмырын елдің игілігіне, халықтың бірлігіне, ағайынның татуылығына, жастардың тәрбиесіне арнаған адам. Өмірден озғанға дейін, 80-нен асқан азамат осы қалада өткен барлық шараның басы-қасында болды. Тек, сөз бастап қоймай, жастарға тәрбие үйретті, көсемдік көрсетті, шешендік көрсетті, отанды сүюді, мемлекетті құрметтеуді насихаттады. Осындай кездесулерде, сөз кезегі кешігіп тимей қалса, ағамыздың арқасы құрысып, мазасы кетіп, бәйге атындай тыпыршып отыратын. Осы кезде сөз берілсе, ауыздықпен алысқан тұлпардай ағамыз қара сөздің майын ағызып, арасын өлеңмен өріп, кем-кетігін жымдастырып, тыңдаушының аузын аштырып, таңдайын қақтырып отыратын. Осындай асыл азаматымыз бүгін ортада жоқ. Алла Орекен ағамызға иман, халқымызға берке-бірлік, отбасына амандық-саулық берсін деп тілейік ағайын.

Шөптібай БАЙДІЛДИН